



Бұзындан оқып
үйрен





Оқы:

ас ат аз ал ай ақ
ат аң ал ай ақ аң
аз ал ай ақ аң ас
ал ай ақ аң ас ат

Қайтала:

Ақ-ақ-ақ-ұшып кетті жапалақ

Жатта:

**Ақыл азбайды,
Білім тозбайды.**





Оқы:

тә те тё ти то тө ту ты та
те тё ти то тө ту ты та тә
тё ти то тө ту ты та тә те
та тә те тё ти то тө ту ты

Қайтала:

Тәт-тәт-тәт-тәтті қант

Жатта:

**Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.**





Оқы:

па пә пе пё пи по пө
пү пұ пу пы пё пи по
пы па пә по пу пә пе
по пө пу па пә пе пё


Қайтала:

Ап-ап-ап-бала отыр ойлап

Жатта:

**Пеш үстінде бес мысық,
Пеш ішінде бес мысық,
Бес күзетші - бес пысық.**





Оқы:

на нә не нё ни но нө
нү ну нұ не ны ни но
ны нө нұ нә не нё ни
нә не нё ни но нө ну


Қайтала:

Нық- нық- нық- жоғары шық

Жатта:

Ас атасы-нан.





Оқы:

ға ғи ғо ғу ғы
ғи ғо ғу ғы ға
ғо ғу ғы ға ғи
ғу ғы ға ғи ғо


Қайтала:

Ға-ға-ға- кір тәтті ұйқыға

Жатта:

**Қарға мақтанып сұңқар болмас,
Есек мақтанып тұлпар болмас.**





Оқы:

ра рә ре рё ри ро рө ру
ры ра рә ре рё ри ро рө
рә ре рё ри ро рө ру ры
ре рё ри ро рө ру ры ра


Қайтала:

Ра-ра-ра – гүлге қонды ара.

Жатта:

**Ата – бәйтерек,
Бала – жапырақ.**





Оқы

ла лә ле ли ло лө лы
лу лы ла лә ле ли
ло лө лу лы ла лә
лә ле ли ло лө лу


Қайтала:

Ла- ла- ла - біздің сиыр ала.

Жатта:

**Ақылды елге қарайды,
Ақылсыз жерге қарайды.**





Оқы

уа	ту	су	шу	му
су	шу	му	уа	ту
шу	му	уа	ту	су
ту	су	шу	му	уа

Қайтала:

Ау - ау - ау - анау биік тау

Жатта:

Денсаулық - зор байлық.





Шш

Оқы:

**ша шә ше ши шо
шө шу шы ша шә
ше ши шо шө шу
шы ша шә ше ши**

Қайтала:

Ші-ші-ші - біздің бала бірінші

Жатта:

**Шағала келмей-жаз болмас,
Шаңқай болмай-боз болмас.**





Оқы:

әй ой сай лай ай
ой сай лай ай әй
ай әй ой сай лай
сай лай әй ой ай

Қайтала:

Ой-ой-ой-қорада тұр қой.

Жатта:

**Ақыл азбайды,
Білім тозбайды.**

.





Оқы:

ос	от	ол	ом	оп
ою	ой	ор	оң	ос
от	ол	ом	оп	ою
ой	ор	оң	ос	от

Қайтала:

От- от- от- өте ыстық от.

Жатта:

**Оқу-білім бұлағы,
Білім- өмір шырағы.**





Ққ

Оқы:

қа қи қо қу қы қа
қи қо қу қы қа қи
қо қу қы қа қи қо
қу қы қа қи қу қы

Қайтала:

Қын-қын-қын- дала салқын.

Жатта:

Ақ тай ақ па?

Қара тай ақ па?





Оқы:

де	ди	до	дө	ду
да	дә	де	ди	до
дө	ду	ды	да	дә
ды	да	дә	де	ди

Қайтала:

Дір-дір-дір-бұлақта су мөлдір.

Жатта:

**Адам жерге нәр береді,
Жер адамға нан береді.**





Оқы:

**ма мә ме ми мо мө му мы
мы ма мә ме ми мо мө му
мә ме ми мо мө му мы ма
ме ми мо мө му мы ма мә**

Қайтала:

Мақ-мақ-мақ-әже берді қаймақ.

Жатта:

**«Сіз» деген әдеп,
«Біз» деген көмек.**





Бб

Оқы:

**ба бә бе би бо бө
бу бы ба бә бе би
бо бө бу бы ба бә
ба бә бе би бо бө**


Қайтала:

Ба-ба-ба-балапандарға қара

Жатта:

**Білекті бірді жығар,
Білімді мыңды жығар.**





Оқы:

са сә се си со сө
су сы са сә се си
со сө су сы са сә
са сә се си со сө

Қайтала:

Ос-ос-ос-Асқат адал дос.

Жатта:

**Қой атасы-Шопаната,
Жылқы атасы-Қамбарата,
Ешкі иесі-Сексеката,
Түйе атасы-Ойсылқара,
Сиыр атасы- Зеңгі баба.**





Ыы

Оқы:

ЫС ЫН ЫШ ЫР ЫҚ

ЫН ЫШ ЫР ЫҚ ЫС

ЫШ ЫР ЫҚ ЫС ЫН

ЫС ЫН ЫШ ЫР ЫҚ

Қайтала:

Шы-шы-шы- Ырысты әдепті оқушы.

Жатта:

Наурыз тойы салтымыз,

Аман болсын халқымыз,

Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсың!





Оқы:

жа жә же жо жө жи

жу жа жә же жо жө

жи жу жа жә же жо

жа жә же жо жө жи

Қайтала:

Жас-жас-жас-батыл бала Олжас.

Жатта:

Үш мұрат дегеніміз:

Жол мұраты - жету,

Дау мұраты – біту,

Сауда мұраты – ұту.





Оқы:

үс үр ұл үн үк үш

үж үй үш үс үр үн

ұл үн үк үж үй үр

үс үр ұл үн үк үш

Қайтала:

Ұл-ұл-ұл- жақсы әнші бұлбұл.

Жатта:

**Түйе ұрлаған да-ұры,
Түйме ұрлаған да- ұры.**





Оқы:

аң оң ың ең ің
оң ың ең ің аң
ың ең ің аң оң
аң оң ың ең ің

Қайтала:

Аң-аң-аң-қасқыр жыртқыш аң.

Жатта:

**Қыс-құнар береді,
Көктем-дән себеді,
Жаз- бастап, өсірсе,
Күз – жинап береді.**





Оқы:

ел ер ет ем ес
ек ен ел ер ет
ем ес ек ен ел
ел ер ет ем ес

Қайтала:

Ен-ен-ен-мықты ағаш емен.

Жатта:

**Бала –бала балақан
Қане қайсы алақан?
Саусақтарын әйбәт,
Былай- былай ойнат.**





Кк

Оқы:

ка кә ке ки ко

кө ку кы ка кә

ке ки ко кө ку

ка кә ке ки ко

Қайтала:

Ек-ек-ек- толтырам сумен шелек.

Жатта: 7 жоқ

**Жерде өлшеуіш жоқ,
Аспанда тіреуіш жоқ,
Таста тамыр жоқ,
Аллада бауыр жоқ,
Аққуда сүт жоқ,
Жылқыда өт жоқ.**





Оқы:

ін ір іл іп ім
іс іш із ін ір
іл іп ім іс іш
ін ір іл іп ім


Қайтала:

Ші-ші-ші –сурет салды суретші

Жатта:

Гүл өсірсен терлеп,
Мұның аты-еңбек
Сабағыңа жөндеп,
Әзірленсең – еңбек.
Кесте тіксең зерлеп,
Мұның аты-еңбек.
Қиындықтың бәрін,
Еңбек қана жеңбек!





Оқы:

ән әр әл әд әж әт
әр әл әд әж әт ән
әл әд әж әт ән әр
ән әр әл әд әж әт


Қайтала:

Ән-ән-ән- Сәуле айтты ән.

Жатта:

**Бас бармағым бауға барды,
Сұқ саусағым суға барды,
Ортан қолым орақ орып,
Аты жоғым ағаш жарды.
Жұмсамапты алақаным
Тек шынашақ балапанын.**





Ии

Оқы:

ИМ ИС ИК ИЖ ИГ ИТ

ИС ИК ИЖ ИГ ИТ ИМ

ИК ИЖ ИГ ИТ ИМ ИС

ИМ ИС ИК ИЖ ИГ ИТ

Қайтала:

Ит-ит-ит-мұхитта жүр кит.

Жатта:

Үш көз дегеніміз:

Су анасы-бұлақ,

Мал анасы-тұяқ,

Сөз анасы- құлақ.





Оқы:

за зе зи зо зу зы

зе зи зо зу зы за

за зе зи зо зу зы

зи зо зу зы за зе

Қайтала:

За-за-за-менің қолым таза.

Жатта:



Үш алыс дегеніміз:

жер мен көк алыс,

кәрі мен жас алыс,

жақсы мен жаман алыс.





Оқы:

өс өш өн өр өк

өш өн өр өк өс

өр өк өс өш өн

өс өш өн өр өк

Қайтала:

Сөз-сө-сөз- “рахмет” деген жақсы сөз.

Жатта:

**Өрмекші де пысық –ақ,
Үлкен болған кезінде
Шыбын көрсе қалмайды.
Қыр соңына түсіп ап,
Ұстағанша талмайды.**





Оқы:

үс үн үк үр үш үй

үн үк үр үш үй үс

үк үр үш үй үс үн

үс үн үк үр үш үй

Қайтала:

Үз-үз-үз-суда сүнгіп жүз.

Жатта:

Кім үлкенді тындаса,

Кім үлкенді сыйласа,

Сыйлы болмақ өзі де.





Оқы:

га ге ги го гө гү гу
ге ги го гө гү гу га
ги го гө гү гу га ге
го гө гү гу га ге ги

Қайтала:

Ге-ге-ге – қақтым еденге шеге.

Жатта:

**Бір адам қазған құдықтан
Мың кісі келіп су ішер.**





Оқы:

ия ая оя яқ ян

яз ия ая оя яқ

ян яз ия ая оя

ая оя яқ ян яз

Қайтала:

Яр-яр-яр-жинап алдым қияр.

Жатта:

**Ұзын құлақ сұр қоян
Естіп қалып сыбдырды,
Ойлы-қырлы жерлермен
Ытқып-ытқып жүгірді.**





Юю

Оқы:

ою ию үю аю ою

аю ою ию үю аю

ию үю аю ою ию

үю аю үю аю ою

Қайтала:

Ю-ю-ю-жидек жеп отыр аю.

Жатта:


Шай ішетін қоюлап

Жақсы көрем атамды.

Сырмақ сырған оюлап

Жақсы көрем апамды.





Оқы:

ха хе хи хо ха хе

хи хо ха хе хи хо

ха хе хи хо ха хе

хи хо ха хе хи хо

Қайтала:

Хор-хор-хор - өлең айтты хор.

Жатта:

Еңбек ерлікке жеткізер





Оқы:

ha ah haz har ha

ah haz har ha ah

haz har ha ah haz

har ha ah haz har

Қайтала:

Har-har-har- әдемі қыз Гауһар.

Жатта:

**Жақсыдан үйрен,
Жаманнан жирен.**





В в

Оқы:

во ву вы ве ви во
ва ве ви во ву вы
ве ви во ву вы ва
ви во ву вы ва ве

Қайтала:

Ва-ва-ва - гүл қойдым вазаға.

Жатта:

**Оқусыз білім жоқ,
Білімсіз күнің жоқ**





Ф ф

Оқы:

фа фе фи фо фу
фе фи фу фы фе
фо фу фы фа фи
фи фо фу фе фы

Қайтала:

фе – фе – фе – фельдшер кіші дәрігер

Жатта:

**Еңбектің наны тәтті,
Жалқаудың жаны тәтті.**





Ёё

Оқы:

щё тө ёл ёр тө щё

ёл ёр щё тө ёл ёр

ёр щё тө ёл ёр щё

тө ёл ёр тө щё ёл

Қайтала:

Ёр - ёр - ёр - әкем менің шахтёр

Жатта:

Отансыз адам-

Ормансыз бұлбұл.





Әә

Оқы:

ЭС ЭК ЭН ЭХ ЭН ЭС

ЭН ЭХ ЭС ЭК ЭН ЭХ

ЭК ЭН ЭХ ЭН ЭС ЭК


Қайтала:

**Айта-айта жақ талды,
Қайта-қайта жатталды.**

Жатта:

**Болашаққа бастаған
Шарықтайды асқақ ән.
Елордасы Отанның -
Мақтанышым – Астана**





Щ щ

Оқы:

ща щи щё щы щу
аш ош ща щи щё
що ще щы ош ща
щы щу що ще аш

Қайтала:

Щы-щы- щы - теңізде су ащы.

Жатта:

**Щётка, щётка, щёткалар,
Неше түрлі щётка бар:
Бірі тісті жуады,
Бірі шанды қуады.**





Оқы:

ца це ци цу цо ца
це ци цу цо ца це
ци цу цо ца це ца
цу цо ца це це ци

Қайтала:

Цер-цер-цер-ағам менің офицер.

Жатта:

Ердің атын еңбек шығарар.





Ч ч

Оқы:

**ча че чи чу ча че ча
че чи чу ча че чи чу
чу ча че чи чу ча че
чи чу ча че чи чу ча**

Қайтала:

Ақ тай ақ па?

Қара тай ақ па?

Жатта:

Талап - тұлпар,

Білім - сұңқар





Оқы:

аль-бом конь-ки рельс
ла-герь фильм цир-куль

Қайтала:

**Ала қарға қарға қонды,
Қара қарға қарға қонды**

Жатта:

**Досыңды бір алдасан,
Өзіңді мың алдағаның.**





Оқы:

разъ-езд

подъ-езд

Қайтала:

Бақбақ бақта бар,

Бақа да бақта бар.

Жатта:

Еріншектің ертеңі таусылмас.

